

"Сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы субъектілерге қатысты тексеру жүргізу кезіндегі сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру параптаратын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 19 қарашадағы № 807 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 81 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 27 ақпандығы № 127 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 1 наурыздағы № 29 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 6 наурызда № 32012 болып тіркелді

ЗКАИ-ның ескертпесі!

Осы бірлескен бұйрық 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы субъектілерге қатысты тексеру жүргізу кезіндегі сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру параптаратын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 19 қарашадағы № 807 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 81 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27568 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141 және 143-баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы субъектілерге қатысты тексеру жүргізу кезіндегі сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы тапсырыс берушіге (құрылыш салушыға) қатысты тексеру параптараты;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы жобалаушы үйымина (бас жобалаушы) қатысты тексеру параптараты;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мердігерге (бас мердігерге) қатысты тексеру парагы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы авторлық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғаларға қатысты тексеру парагы;

6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы техникалық қадағалауды жүзеге асыратын занды жеке тұлғаларға қатысты тексеру парагы;

7) осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыштардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша сараптама жұмыстарын жүзеге асыратын ұйымдарға қатысты тексеру парагы;

8) осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы құрылыш жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге үміткер занды тұлғалары қатысты талаптарға сәйкестігін тексеру парагы;

9) осы бірлескен бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы тапсырыс берушіге (құрылыш салушыға) қатысты талаптарға сәйкестігін тексеру парагы;

10) осы бірлескен бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы жобалаушы ұйымына (бас жобалаушы) қатысты талаптарға сәйкестігін тексеру парагы;

11) осы бірлескен бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мердігерге (бас мердігерге) қатысты талаптарға сәйкестігін тексеру парагы;

12) осы бірлескен бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы авторлық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғаларға қатысты талаптарға сәйкестігін тексеру парагы;

13) осы бірлескен бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы техникалық қадағалауды жүзеге асыратын занды жеке тұлғаларға қатысты талаптарға сәйкестігін тексеру парагы;

14) осы бірлескен бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыштардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша сараптама жұмыстарын жүзеге асыратын ұйымдарға қатысты талаптарға сәйкестігін тексеру парагы;

15) осы бірлескен бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы құрылыш объектілерінің жобаларын басқару бойынша

инжинирингтік қызметтер көрсететін ұйымдарға қатысты талаптарға сәйкестігін тексеру парагы;

16) осы бірлескен бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы лицензиаттарға қатысты талаптарға сәйкестігін тексеру парагы;

17) осы бірлескен бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы жобалау және құрылыш салу процесіне қатысушы инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттау бойынша мемлекеттік емес аттестаттау орталықтарына қатысты талаптарға сәйкестігін тексеру парагы;

18) осы бірлескен бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы құрылыш жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізетін заңды тұлғалары қатысты талаптарға сәйкестігін тексеру парагы бекітілсін.";

осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес көрсетілген бұйрықпен бекітілген сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы тексерістер өткізу үшін қолданылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес көрсетілген бұйрықпен бекітілген сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы тапсырыс берушіге (құрылыш салушыға) қатысты тексеру парагы жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес көрсетілген бұйрықпен бекітілген сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы жобалаушы ұйымына (бас жобалаушы) қатысты тексеру парагы жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес көрсетілген бұйрықпен бекітілген сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мердігерге (бас мердігерге) қатысты тексеру парагы жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес көрсетілген бұйрықпен бекітілген сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы авторлық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғаларға қатысты тексеру парагы жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес көрсетілген бұйрықпен бекітілген сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы техникалық қадағалауды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға қатысты тексеру парагы жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес көрсетілген бұйрықпен бекітілген сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық қурделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыштардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарастау бойынша сараптама жұмыстарын жүзеге асыратын ұйымдарға қатысты тексеру парагы жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес көрсетілген бұйрықпен бекітілген сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы құрылыш жобаларына ведомстводан

тыс кешенді сараптама жүргізетін занды тұлғалары қатысты тексеру парағы жаңа редакцияда жазылсын;

9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17 және 18-қосымшаларға сәйкес 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20 және 21- қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бүйректы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бүйректы Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бүйректың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бүйрек 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

A. Куантыров

Қазақстан Республикасының
Индустрія және
инфрақұрылымдық даму министрі

M. Карабаев

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2023 жылғы 1 наурыздағы
№ 29 мен

Қазақстан Республикасының
Индустрія және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2023 жылғы 27 ақпандығы
№ 127 Бірлескен бүйрекқа
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2018 жылғы 19 қарашадағы
№ 807 және
Қазақстан Республикасы

Сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы субъектілерге қатысты тексеру жүргізу кезіндегі сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы субъектілерге қатысты тексеру жүргізу кезіндегі сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141 және 143-баптарына (бұдан әрі – Кодекс), "Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Зан), "Тексеру парагының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) және "Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту және "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парактарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 23 маусымдағы № 48 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) сәйкес әзірленген.

2. Өлшемшарттарда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;
- 2) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шекілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шекілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;
- 3) бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) – авторлық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалар; жобалау және құрылыш салу процесіне қатысуыш инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттау бойынша мемлекеттік емес аттестаттау орталықтары; жобалау ұйымы (бас жобалаушы); бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық құрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыштардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарастыру бойынша сараптама жұмыстарын жүзеге асыратын ұйымдар; лицензиаттар; мердігер (бас мердігер); құрылыш жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізетін заңды тұлғалары; құрылыш объектілерінің жобаларын басқару бойынша инжинириングтік

қызметтер көрсететін ұйымдар; тапсырыс беруші (құрылыш салушы); техникалық қадағалауды жүзеге асыратын занды және жеке тұлғалар;

4) елеулі бұзушылықтар – сәulet, қала құрылышы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген дөрекі болып табылмайтын, дұрыс емес есептілік пен мониторинг ұсынумен, атқарушылық құжаттаманың уақтылы және дұрыс ресімделмеуімен байланысты бұзушылықтар, сондай-ақ сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы бұзушылықтардың алдын алуға және олардың алдын алуға бағытталған талаптар адамның қолайлы мекендеу ортасы мен тыныс-тіршілігінің жай-күйінің нашарлауына әкеп соқтыратын бұзушылықтар;

5) елеусіз бұзушылықтар – елеулі және өрескел бұзушылықтарға жатпайтын, бірақ жеке және занды тұлғалардың, мемлекеттің занды мұдделеріне нұқсан келтіруге әкеп соғатын талаптарды бұзу;

6) өрескел бұзушылықтар – техногендік оқиғалармен, мемлекеттік мұдделерге, занды және жеке тұлғаларға залал келтірумен, азаматтар мен қоғамның құқықтары мен занды мұдделеріне нұқсан келтірумен байланысты, сәulet, қала құрылышы және өмірлік циклдің барлық кезеңдерінде құрылыш саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды бұзу нәтижесінде туындаған, адамның өмір сүруі мен өмір сүруінің қолайлы ортасының жай-күйінің нашарлауына әкеп соққан іс-әрекеттер, объектінің беріктігін, тұрақтылығы мен сенімділігін қамтамасыз ету, құрылыш конструкцияларының жол берілмейтін шамасын деформациялау, іргелес аумақтың ғимаратының немесе құрылышының және геологиялық массивтерінің негіздері;

7) тәуекел – бақылау және қадағалау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және занды тұлғалардың занды мұдделеріне, мемлекеттің мұліктік мұдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

8) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау және қадағалау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

9) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

10) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау және қадағалау субъектісінің (

объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

11) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау және қадағалау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) берілген рұқсаттар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына, жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне жүргізілетін тексерулерді (бұдан әрі – Талаптарға сәйкестігін тексеру) кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау және қадағалау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындаи бақылау және қадағалау субъектісін (объектісін) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруден босату процесі;

12) тексеру парагы – бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және занды тұлғалардың, мемлекеттің занды мұдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі:

13) іріктеме жиынтық (іріктеме) – Кодекстің 143-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың нақты саласында бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын бағаланатын субъектілердің (объектілердің) тізбесі.

3. Өлшемшарттар объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптасады

2-тарау. Объективті өлшемшарттар

4. Сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) объективті өлшемшарттар бойынша мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Тәуекелдің жоғары дәрежесіне мыналар жатады:

ғимараттар мен құрылыштарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызуудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларында белгіленген „Ғимараттар мен құрылыштарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан

күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандығы № 165 бұйрығымен бекітілген жауапкершіліктің I (жоғары) және II (қалыпты) деңгейлеріндегі объектілер (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10666 болып тіркелген) (бұдан әрі – Ғимараттар мен құрылыштарды күрделі объектілерге жатқызу қағидалары);

Ғимараттар мен құрылыштарды күрделі объектілерге жатқызу қағидаларында белгіленген өндірістік және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы технологиялық күрделі объектілер;

мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілер;

құрылыштың нормативтік ұзақтығы 9 айдан асатын объектілер;

құрылыш-монтаждау жұмыстары 6 айдан астам уақытқа тоқтатылған объектілер.

Тәуекелдің орташа дәрежесіне мыналар жатады:

Ғимараттар мен құрылыштарды күрделі объектілерге жатқызу қағидаларында белгіленген техникалық күрделі жауапкершілікке жатпайтын II (қалыпты) жауапкершілік деңгейінің объектілері;

құрылыштың нормативтік ұзақтығы 6 айдан асатын объектілер;

құрылыш-монтаждау жұмыстары 3 айдан астам уақытқа тоқтатылған объектілер.

Төмен тәуекел дәрежесіне мыналар жатады:

Ғимараттар мен құрылыштарды күрделі объектілерге жатқызу қағидаларында белгіленген жауапкершіліктің III (төмендетілген) деңгейіндегі объектілер;

құрылыштың нормативтік ұзақтығы 4 айдан асатын объектілер.

5. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары және орташа дәрежелеріне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі салаларында талаптарға сәйкестігіне тексеру, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі салаларында талаптарға сәйкестігіне тексеру және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар

6. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдер дәрежесін бағалауға мынадай ақпарат көздері:

1) бақылау және қадағалау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері;

2) бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) алдыңғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері;

3) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны;

4) мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарын талдау.

Талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдер дәрежесін бағалауға мынадай ақпарат көздері:

1) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны;

2) мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарын талдау;

3) бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) алдыңғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері.

7. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде реттеуші мемлекеттік органдар талдауға және бағалаула жататын субъективті өлшемшарттарды бойынша деректерді қалыптастырады.

Субъективті өлшемшарттарды талдау және бағалау ең жоғары әлеуетті тәуекелі бар бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізуді және профилактикалық бақылауды шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте талдау және бағалау кезінде нақты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Алдыңғы жүргізілген бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерудің қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау және қадағалау субъектілеріне қатысты оларды мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне кестелер мен тізімдерді қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

8. Іқтимал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың біржолғы немесе жүйелі сипатына, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптар өрескел, елеулі және болмашы бұзушылық дәрежелеріне сәйкес келеді.

Сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы заңнама талаптарын, сондай-ақ өрескел, елеулі, елеусіз мемлекеттік нормативтерді бұзушылықтарды бөлу осы Өлшемшарттарға 1 және 2-қосымшаларда келтірілген.

9. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес субъективті өлшемшарттар көрсеткішінің маңыздылығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) мыналарға:

- 1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;
- 2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне;
- 3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ты қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылады.

10. Осы Өлшемшарттардың 4-тармағына сәйкес бақылау және қадағалау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Мемлекеттік орган осы Өлшемшарттардың 6-тармағына сәйкес көздерден субъективті өлшемшарттар бойынша ақпарат жинайды және деректер базасын қалыптастырады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау және қадағалау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша осы Қағидалардың (SC) 15-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттарға сәйкес бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қорытындылау жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапозонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

Rарал = SP + SC , мұнда

Рарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – осы Өлшемшарттардың 9-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есеп мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың әрбір саласының бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың бір саласының бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемені) құрайды.

11. Алдыңғы тексерулер мен бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы Өлшемшарттардың 6-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау және қадағалау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті колданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,7, \text{ мұнда}$$

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті колданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_n = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,3, \text{ мұнда}$$

SP_n – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_n, \text{ мұнда}$$

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_n – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

12. Осы Өлшемшарттардың 9-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i, \text{ мұнда}$$

x_i - субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

w_i - субъективті өлшем көрсеткішінің үлес салмағы x_i

n – көрсеткіштер саны.

Осы Өлшемшарттардың 9-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

13. Р көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{арал}} - R_{\min}}{R_{\max} - R_{\min}},$$

R – бақылау және қадағалау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

R_{\max} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

R_{\min} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы),

Рарал – осы Өлшемшарттардың 10-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

4-тарау. Тексеру параптараты

14. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) қызметінің салалары үшін талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізудің жиілігі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен, бірақ жылына ең көбі бір рет айқындалады.

Тәуекелдің орташа дәрежесіне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) қызметінің салалары үшін талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізудің жиілігі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен, бірақ ең көбі екі жылда бір рет айқындалады.

Тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) қызметінің салалары үшін талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізудің

жүйелігі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен, бірақ ең көбі үш жылда бір рет айқындалады.

5-тaraу. Тәуекелдерді басқару

15. Адал бақылау және қадағалау субъектілерін көтермелегенде және бұзушыларға бақылау мен қадағалауды шоғырландыру қағидатын іске асыру мақсатында бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) субъективті өлшемшарттарды қолдану арқылы реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен айқындалатын кезеңге бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру жүргізуден босатылады.

16. Субъективті өлшемшарттар бойынша бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) ақпараттық жүйені қолдана отырып, бақылау және қадағалау субъектілері қызметінің тиісті салаларындағы жоғары тәуекел дәрежесінен орташа тәуекел дәрежесіне немесе орташа тәуекел дәрежесінен төмен тәуекел дәрежесіне мынадай жағдайларда:

1) егер мұндай субъектілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен үшінші тұлғалар алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасасса;

2) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан немесе талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізуден босату жағдайлары айқындалған болса;

3) егер субъектілер өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы келісім жасалған, "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері болып табылса ауыстырылады.

17. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруден босату мақсатында реттеуші мемлекеттік органдар, сондай-ақ мемлекеттік органдар жеңілдететін индикаторларды ескереді.

Жеңілдететін индикаторларға:

1) деректерді онлайн-режимде беретін аудио және (немесе) бейне жазбалардың болуы;

2) деректерді мемлекеттік органдар жүйесіне беретін датчиктер мен бекіту құрылғыларының.

18. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда осындағы негіздер көзделген болса, реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына сәйкес тәуекелдерді бағалау мен талдаудың, аудиттің,

сараптамалардың қолданылатын баламалы (тәуелсіз) жүйелері негізінде бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талапқа сәйкестігіне тексеру жүргізуден босату мүмкін болады.

6-тарау. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ерекшелік пен құпиялыштық ескеріле отырып, ақпараттық жүйелерді пайдаланатын мемлекеттік органдарға арналған тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру ерекшеліктері

19. Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу кестелерін немесе тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомствоның статистикалық байқаудың қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру жүзеге асырылатын бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) санының ең аз жол берілетін шегі мемлекеттік бақылаудың және қадағалаудың белгілі бір саласындағы осындай бақылау және қадағалау субъектілерінің жалпы санының бес пайзызынан аспауға тиіс.

Сәулет, қала құрылышы және
құрылыш саласындағы
субъектілерге қатысты тексеру
жүргізу кезіндегі сәулет, қала
құрылышы және құрылыш
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
1-қосымша

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы талаптарды бұзу дәрежелері

P/c №	Талаптардың атауы	Бұзушылық дәрежесі
Тапсырыс беруші (құрылыш салушы)		
1	Тапсырыс берушіде (құрылыш салушыда) жер участкесіне (құрылышқа арналған аланға немесе трассаға) күкірт белгілейтін құжаттың немесе оны беру туралы жергілікті атқарушы орган шешімінің бар-жоғы	өрескел

2	<p>Жергілікті атқарушы органның қолданыстағы ғимараттардың түрғын және түрғын емес үй-жайларын реконструкциялауға (кайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға) арналған шешімі</p>	өрескел
3	<p>Жер участкесін бекітілген жобалau құжаттамасына сәйкес және аумақтың нысаналы мақсатын немесе сервитутын, аймақтарға бөлінуін, құрылыс салуды реттеудің қызыл сызығын және сары сызығын сақтай отырып, құрылыс салу үшін (коммуникациялар төсөуді, аумақты инженерлік жағынан дайындауды, абаттандыруды, көгалдандыруды және участкені жайғастырудың басқа да түрлерін қоса алғанда) пайдалану</p>	өрескел
4	<p>Орындалған (орындалып жатқан) құрылыс-монтаждау жұмыстарының, қолданылатын құрылыс материалдарының (бұйымдарының, конструкцияларының) және жабдықтардың бекітілген жобалық шешімдерге және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге, оның ішінде тіреу және қоршау конструкцияларының беріктігін, орнықтылығын, сенімділігін және үйлердің (ғимараттардың) пайдалану сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нормативтерге сәйкестігі</p>	өрескел
5	<p>Электр берудің желілері әуе және байланыс желілері аймағында, темір жолға бөлінген белдеуде, құрылыс алаңында орналасқан тау-кен жұмыстарының жер участкелерін өңдеу аймақтарында жұмыстар жүргізуге тиісті үйимның рұқсатының бар-жоғы</p>	өрескел
6	<p>Байланыс желілері мен құрылыстарын пайдаланатын тиісті үйимның жазбаша келісімінің бар-жоғы және өкілінің қатысуы</p>	өрескел
	<p>Құрылыс пен жөндеу аяқталғаннан кейін қазылған жерлерді, құрылыс аландарын</p>	

7	ретке келтіру, сондай-ак аулаларды, көшөлөр мен алаңдарды құрылыс материалдарымен қоршау бойынша шаралар қабылдамау	өрескел
8	Бекітілген жобалау-сметалық күжаттаманың бар-жоғы	өрескел
9	Жобалар сараптамасының он корытындысының, оның ішінде түзетілген кезде жобалар сараптамасының қайта корытындысының бар-жоғы	өрескел
10	Тапсырыс беруші (жоба немесе бағдарлама инвесторы) мен өзі таңдаған мердігер (бас мердігер) арасында жасалған шарттың бар-жоғы	елеусіз
11	Мердігер үйимда санаттар бойынша лицензияланатын сәulet , кала құрылышы және құрылыш қызметінің тиісті тұрлерін жүзеге асыру құқығына мемлекеттік лицензиясының бар-жоғы	өрескел
12	Объект бірінші немесе екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызылған жағдайда техникалық қадағалау бойынша инженерингтік қызметтерді жүзеге асыратын аккредиттелген заңды тұлғалармен шарттың бар-жоғы	өрескел
13	Екінші және үшінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық жағынан күрделі емес объектілерде қызметті жүзеге асыратын техникалық қадағалау сарапшысының аттестаты бар жеке тұлғамен шарттың бар-жоғы	өрескел
14	Жобалау (жобалау-сметалық) күжаттаманы әзірлеген тұлғамен (жобаны әзірлеушімен немесе аттестатталған сарапшымен) авторлық қадағалауды жүзеге асыруға шарттың бар-жоғы	өрескел
15	Жобаларды басқару жөнінде инженерингтік қызмет көрсетуге аккредиттелген үйиммен шарттың бар-жоғы	елеусіз

16	Тапсырыс берушінің (меншік иесінің) объект құрылышын техникалық және авторлық кадағалаумен сүйемелдеуді қамтамасыз етуі	өрекел
17	Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық жағынан күрделі объектілерде жұмыс істетін аккредиттелген заңды тұлғаларда техникалық қадағалауды жүзеге асыру үшін тиісті сарапшылар санының бар-жоғы (техникалық қадағалауды орындауға аттестаты бар кемінде 3 сарапшы)	өрекел
18	Құрылышы тоқтатылған, аяқталмаған объектіні консервациялау (консервациядан шығару) үшін әзірленген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманың бар-жоғы	өрекел
19	Ғимараттар мен құрылыштарды бөлшектеу және бұзу (кәдеге жаратудан кейін) кезінде жобалау (жобалық-сметалық) құжаттаманың бар-жоғы	өрекел
20	Объект бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілерге жатқызылған жағдайда, ғимараттар мен құрылыштардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттең-қарауды жүзеге асыратын аккредиттелген заңды тұлғамен шарттың бар-жоғы	елеусіз
21	Үшінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілерде ғимараттар мен құрылыштардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттең-қарау қызметін жеке жүзеге асыратын сарапшының аттестаты бар жеке тұлғамен шарттың бар-жоғы	елеусіз
22	Техникалық зерттең-қарау жүргізу үшін шынайы бастапқы деректерді, мұрағат материалдарын сарапшыға (сарапшыларға) ұсынуды қамтамасыз ету	өрекел

23	Техникалық зерттеп-қаралу нәтижелері бойынша тұжырымдар мен нұсқаулардың орындалуын қамтамасыз ету	өрескел
24	Жұмыс жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамадан және нормативтік талаптардан ауытқумен жүзеге асырылған жағдайда оларды тоқтата тұруды қамтамасыз ету	өрескел
25	Бекітілген жобалау-сметалық құжаттамадан ауытқыған кезде келісудің және растайтын құжаттардың бар-жоғы	өрескел
26	Мүгедектердің және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін объектінің қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша талаптарды сақтау	өрескел
27	Мердігерден (бас мердігерден) объектінің дайындығы туралы жазбаша хабарламаның бар-жоғы	елеулі
28	Сәйкестік туралы декларацияның бар-жоғы	өрескел
29	Құрылыш-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы корытындының бар-жоғы	өрескел
30	Орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестігі туралы корытындының бар-жоғы	өрескел
31	Салынған объектіні пайдалануға қабылдау туралы бекітілген актінің бар-жоғы	өрескел
32	Кепілдік мерзім кезеңінде анықталған ақауларды жою бойынша мердігермен шаралар қабылдаудың қамтамасыз ету	өрескел
33	Тапсырысшы мен мердігер (бас мердігер) арасындағы құрылыш шартында (объект пайдалануға қабылданған күнінен бастап кемінде екі жыл болған) салынған объектіні пайдалануға берудің нормативтік мерзіміне байланысты (жалпы құрылыштың күрделі сыныбына немесе жүргізілген құрылыш-монтаждау жұмыстарының жекелеген түрлеріне сәйкес) белгіленген тиісті кепілді мерзімінің бар-жоғы	өрескел

34	Жеке немесе заңды тұлғаның расталған шағымы немесе етінішінің бар-жогы	елеулі
35	Сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы бұзушылықтар туралы бұқаралық ақпарат күралдарында ресми хабарлардың болуы	елеулі
36	Ресми интернет-ресурстарда және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы бұзушылықтар туралы ресми деректердің болуы	өрескел

Жобалау ұйымы (бас жобалаушы)

1	Тұрғын, қоғамдық және өндірістік ғимараттарға, құрылыштар мен үй-жайларға халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарының колжетімділігін қамтамасыз етпей елді мекендерді жобалау, тұрғын аудандарды қалыптастыру, қайта игерілетін және реконструкцияланатын аумақтарды және елді мекендерді абаттандыру	өрескел
2	Халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарының жеке автокөлік күралдары үшін орындары жоқ тұрғын және қоғамдық ғимараттардың аумағында орналасатын автомобиль тұрақтарын жобалау	өрескел
3	Құрылыш алаңының инженерлік-геологиялық жағдайларын ескермей, автопаркингтер, гараждар мен тұрғын және қоғамдық ғимараттардың инженерлік жабдықтарын орналастыру үшін жерасты кеңістігін жобалау	өрескел
	Бастапқы материалдардың талаптарын (сәulet-жоспарлау тапсырмасы, тік жоспарлау белгілері, егжей-тегжейлі жоспарлау жобасынан алынған үзінді көшірме, жолдар мен көшелердің көлденең қималары, техникалық шарттар, сыртқы инженерлік желілер трассасының схемалары, сауалнама парагы	

4	және топографиялық түсірілім) ескермей, қолданыстағы гимаараттар мен күрүлыштардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) салу және реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын, оның ішінде тіреу және коршау конструкцияларын, инженерлік жүйелері мен жабдықтарын өзгертуге байланысты жобаларды әзірлеу	өрескел
5	Жобаны объектінің беріктігіне, орнықтылығына және сенімділігіне тікелей әсер ететін бұзушылықтармен әзірлеу	өрескел
6	Жеке немесе заңды тұлғаның расталған шағымы немесе өтінішінің болуы.	елеулі
7	Сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы бұзушылықтар туралы бұкараптак ақпарат құралдарында ресми хабарлардың болуы	елеулі
8	Ресми интернет-ресурстарда және мемлекеттік органдардың акпараттық жүйелерінде сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы бұзушылықтар туралы ресми деректердің болуы	өрескел

Мердігер (бас мердігер)

1	Бекітілген (қайта бекітілген) жобалау-сметалық құжаттаманың бар-жоғы	өрескел
2	Мердігердің (бас мердігердің) құрылыш сапасын өзіндік өндірістік бақылаудың барлық (кіру, операциялық, қабылдау, зертханалық, геодезиялық) түрлері мен нысандарын жүзеге асыру бойынша міндеттемелерін сақтауы	өрескел
3	Орындалған (орындалып жатқан) құрылыш-монтаждау жұмыстарының, қолданылатын құрылыш материалдарының (бұйымдарының, конструкцияларының) және жабдықтардың бекітілген жобалық шешімдерге және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге, оның ішінде тіреу	өрескел

	және коршалу конструкцияларының беріктігін, орнықтылығын, сенімділігін және үйлердің (ғимараттардың) пайдалану сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нормативтерге сәйкестігі	
4	Атқарушылық техникалық құжаттаманың тиісті және уақтылы жүргізуін қамтамасыз ету	өрескел
5	Жер участкесінің шекарасын белгілеу туралы құжаттың бар-жоғы	елеулі
6	Ғимаратты, құрылышты тұрғызу актісінің бар-жоғы	өрескел
7	Ғимараттар мен құрылыштардың негізгі осінің геодезиялық бөлінуін тексеру актісінің бар-жоғы	өрескел
8	Репердің белгісін аудыстыру актісінің бар-жоғы	өрескел
9	"Сейсмикаға төзімді құрылыш" курсы бойынша (сейсмикалық аудандарда құрылыш жүргізілген жағдайда) колданыстағы күәліктің бар-жоғы	өрескел
10	Жұмыс жүргізудің жалпы журналының бар-жоғы	елеулі
11	Қадалар қағу, қадаларды зерттеп-қарасты журналының бар-жоғы	елеулі
12	Құрылыш конструкцияларын монтаждау жұмыстары журналының бар-жоғы	елеулі
13	Дәнекерлеу жұмыстары журналының бар-жоғы	елеулі
14	Дәнекерленген қосылыштарды коррозиядан қорғау журналының бар-жоғы	елеулі
15	Монтаждалған жіктер мен тораптарды тұтас бекіту журналының бар-жоғы	елеулі
16	Бақыланып тартылатын болттарға монтаждалатын қосылыштарды орындау журналының бар-жоғы	елеулі
17	Авторлық қадағалау журналының бар-жоғы	елеулі

18	Техникалық қадағалау журналының бар-жоғы	елеулі
19	Материалдарды, бұйымдарды, конструкцияларды, инженерлік жүйелер, және жабдықтарды сынау актілерінің (хаттамалары) бар-жоғы	елеулі
20	Материалдардың, бұйымдардың, конструкциялар мен жабдықтардың сапасы туралы құжаттардың (паспорттар мен сертификаттардың) бар-жоғы	елеулі
21	Атқарушылық геодезиялық схемалардың бар-жоғы	елеулі
22	Техникалық қадағалау және авторлық қадағалау журналына енгізілген нұсқаулардың орындалуын қамтамасыз ету	өрескел
23	Мемлекеттік сәулет-құрылым бақылау және қадағалау органдары нұсқамаларының талаптарын орындау	өрескел
24	Бекітілген жобалау құжаттамасынан ауытқыған кезде келісудің бар-жоғы	өрескел
25	Енгізілген өзгерістер ескерілген жобалау-сметалық құжаттама бойынша сараптама корытындысының бар-жоғы	өрескел
26	Құрылым пен жөндеу аяқталғаннан кейін қазылған жерлерді, құрылым аландарын ретке келтіру, сондай-ак аулаларды, көшелер мен аландарды құрылым материалдарымен коршаша бойынша шаралар қабылдамау	өрескел
27	Тапсырыс берушіде объектінің пайдалануға қабылдауға толық дайындығы туралы жазбаша хабарламаның бар-жоғы	елеулі
28	Салынған объектінің сәйкестігі туралы декларацияның бар-жоғы	елеулі
29	Кепілдік мерзімі кезеңінде анықталған ақауларды жою	елеулі
30	Жеке немесе занды тұлғаның расталған шағымы немесе өтінішінің болуы	елеулі
	Сәулет, қала құрылымы және құрылымдың қызметі саласындағы	

31	бұзушылықтар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ресми хабарлардың болуы	елеулі
32	Ресми интернет-ресурстарда және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде сәulet, кала құрылсызы және құрылсызы қызметі саласындағы бұзушылықтар туралы ресми деректердің болуы	өрекел

Авторлық қадағалау

1	Тапсырыс беруші мен автор (жобаны әзірлеуші) не авторлық қадағалау жүргізуге құқығы бар аттестатталған сарапшы арасында жасалған шарттың бар-жоғы	елеусіз
2	Қол қойылған жасырын жұмыстарды қуәландыру және жауапты конструкцияларды аралық қабылдау актілерінің бар-жоғы	өрекел
3	Тапсырыс берушіге және мемлекеттік сәulet-құрылым бақылау және қадағалау органдарының бөлімшесіне мердігердің авторлық қадағалаудың нұсқауларын орындағаны немесе тиісінше орындағаны туралы ақпарат беру	өрекел
4	Орындалған (орындалып жатқан) құрылым-монтаждау жұмыстарының, қолданылатын құрылым материалдарының (бұйымдарының, конструкцияларының) және жабдықтардың бекітілген жобалық шешімдерге және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге, оның ішінде тіреу және қоршау конструкцияларының беріктігін, орнықтылығын, сенімділігін және үйлердің (ғимараттардың) пайдалану сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нормативтерге сәйкестігі	өрекел
	Журналға белгі қойған кезде автор және (немесе) жобаны әзірлеуші немесе авторлық қадағалауды жүзеге асыратын сарапшы орындалған жұмыстардың	

5	сәйкессіздігін анықтаган сәттен бастап құнтізбелік бес күннің ішінде тапсырыс берушіге, мердігерге және мемлекеттік сәулет-құрылым инспекциясына ол туралы жазбаша нысанда ескерту, ақпарат беру	өрескел
6	Авторлық қадағалау журналының бар-жоғы	елеулі
7	Орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындының бар-жоғы	елеулі
8	Жеке немесе заңды тұлғаның расталған шағымы немесе өтінішінің болуы	елеулі
9	Сәулет, қала құрылышы және құрылым кызметі саласындағы бұзушылықтар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ресми хабарлардың болуы	елеулі
10	Ресми интернет-ресурстарда және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде сәулет, қала құрылышы және құрылым кызметі саласындағы бұзушылықтар туралы ресми деректердің болуы	өрескел

Техникалық қадағалауды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар

1	Мемлекеттік сәулет-құрылым бақылау және қадағалау органына ай сайынғы негізде объект құрылышының жай-күйі және барысы туралы есепті ұсыну	елеулі
2	Тапсырыс беруші мен сарапшының немесе инженерингтік қызмет көрсететін, техникалық қадағалау жүргізуге құқығы бар аккредиттелген ұйымның арасында жасалған шарттың бар-жоғы	елеусіз
3	Жер участкесіне құқық белгілейтін құжаттың бар-жоғы	өрескел
4	Бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманың бар-жоғы	өрескел
5	Жобаға сараптаманың он корытындысының бар-жоғы	өрескел
6	Мемлекеттік сәулет-құрылым бақылау және қадағалау органдарына берілген құрылым-монтаждау жұмыстары	елеусіз

	жүргізіле басталғаны туралы хабарламаның болуын қадағалау	
7	Мердігерлік ұйымда лицензияланатын сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметінің тиісті түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензияның бар-жоғын қадағалау	өрескел
8	Орындалған (орындалып жатқан) құрылыш-монтаждау жұмыстарының, қолданылатын құрылыш материалдарының (бұйымдарының, конструкцияларының) және жабдықтардың бекітілген жобалық шешімдерге және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге, оның ішінде тіреу және қоршау конструкцияларының беріктігін, орнықтылығын, сенімділігін және үйлердің (ғимараттардың) пайдалану сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нормативтерге сәйкестігі	өрескел
9	Техникалық қадағалау журналының бар-жоғы және жүргізуі	өрескел
10	Мердігердің (бас мердігердің) құрылыш сапасын өзіндік өндірістік бақылаудың және қадағалаудың барлық (кіру, операциялық, қабылдау, зертханалық, геодезиялық) түрлері мен нысандарын ұйымдастыруды мен жүзеге асыруды	өрескел
11	Белгіленген мерзімдерде нұсқауларды орындау үшін құрылыш-монтаждау жұмыстарын тоқтата тұру құқығымен, мердігердің (бас мердігердің) құрылыш барысында өзі жол берген мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерді бұзушылықтарды, бекітілген жобада көзделген жобалық шешімдерден және (немесе) ұйымдық-технологиялық құжаттардың талаптарынан ауытқуларды міндетті түрде жоюы туралы жазбаша нұсқаулардың бар-жоғы	өрескел

12	Мердігердің техникалық қадағалаудың нұсқауларын орындағаны немесе тиісінше орындағаны туралы тапсырыс берушіге және мемлекеттік сәулет-құрылым бақылау және қадағалау органдарының бөлімшесіне ақпарат беру	өрескел
13	Құрылым-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы корытындының бар-жоғы	өрескел
14	Жеке немесе занды тұлғаның расталған шағымы немесе өтінішінің болуы	елеулі
15	Сәулет, қала құрылымы және құрылым қызметі саласындағы бұзушылықтар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ресми хабарлардың болуы	елеулі
16	Ресми интернет-ресурстарда және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде сәулет, қала құрылымы және құрылым қызметі саласындағы бұзушылықтар туралы ресми деректердің болуы	өрескел

Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыштардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттең-қарау бойынша сараптама жұмыстарын жүзеге асыратын ұйымдар

1	Техникалық тексеру жүргізген барлық аттестатталған сарапшылар қолының бар-жоғы, сондай-ақ сарапшылардың дербес мөртабандарын ұсыну және ұйым беретін ғимараттар мен құрылыштардың сенімділігі мен тұрақтылығын техникалық тексеру жөніндегі сараптама корытындысын ұйымның бірінші басшысының бекітуі	өрескел
2	Сарапшы орындаітын ғимараттар мен құрылыштардың сенімділігі мен тұрақтылығын техникалық тексеру жөніндегі сараптама корытындысында қол қою және дербес мөртабанның бар-жоғы	өрескел
	Ғимараттар мен құрылыштардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттең-қарау бойынша бекітілген құрылым нормаларының талаптарын бұза отырып орындалған және	

3	ғимараттардың, құрылыштардың, олардың бөліктерінің немесе жекелеген конструкциялық элементтерінің пайдалану сапасын нашарлатуға, олардың беріктігін, орнықтылығын төмөндөтүге экеп соғуы мүмкін дұрыс емес деректерді қамтитын қорытынды беру	өрескел
4	Жеке немесе заңды тұлғаның расталған шағымы немесе өтінішінің болуы	елеулі
5	Сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы бұзушылықтар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ресми хабарлардың болуы	елеулі
6	Ресми интернет-ресурстарда және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы бұзушылықтар туралы ресми деректердің болуы	өрескел

Объектілер құрылышының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізетін заңды тұлғалар

1	Тұрғызылатын не тұрғызылған объектілердің орнықтылығын, сенімділігін және беріктігін қамтамасыз етпейтін жобалық (жобалау-сметалық) құжаттамаға сараптаманың (сараптамалық бағанын) он қорытындысын беру	өрескел
